

ВЕТЕРИНАРИЯ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ



Манат Айтқожаұлы Әбдірахманов

Манат Айтқожаұлы Әбдірахманов 1966 жылдың 22 сәуірінде, Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Ұйымшыл ауылында дүниеге келген.

1992 жылы Целиноград ауылшаруашылығы институтын тәмамдап, мал дәрігері мамандығына ие болды;

2008 жылы Орта-Азиялық университетін тәмамдап заңгер мамандығына ие болды;

1992 жылдан бастап Целиноград ауылшаруашылығы институтының эпизоотологиялық және паразитологиялық кафедрасының ветеринариялық дәрігері;

1999 - 2000 жылдары -Көкшетау қаласындағы РМК Ақмола облыстық зертханасының емдеу және алдын алу шаралары бөлімінің меңгерушісі;

2000 жылдан бастап Көкшетау қалалық әкімшілігіндегі МҚКО санитариялық - эпизоотиялық бөлімшесінің бастығы, кейін Көкшетау қаласы бойынша бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы болып қызмет етті;

2003 жылданҚР АШМ АӨК МИК Көкшетау қалалық аумақтық басқармасының бастығы лауазымына тағайындалды;

2009 жылдан бастап Ақмола облыстық аумақтық инспекция бастығының орынбасары лауазымына ауыстырылды.

2012 жылы ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекция бастығының орынбасары.

2013 жылдың 12 маусым айынан ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекция басшысы.

Қызмет ету барысында Манат Айтқожаұлы Әбдірахманов өзін жақсы жағынан таныта біліп, білікті басшы екенін көрсетті және өзінің кәсіби құзыреттілігі мен құқықтық білімінің деңгейін ұлғайтуға тырысады.

Үйленген, 3 баласы бар.



Мұқышев Темірлан Қаппасұлы

Мұқышев Темірлан Қаппасұлы 6.04.1957 жылы Атбасар қаласында дүниеге келді. Еңбек қызметін 1974 жылы Атбасар қаласындағы Атбасар ремонтты-техникалық базадан бастады. 1975 жылдың сәуір айында Кеңес Әскерінің Қарулы Күштеріне отан алдында борышын өтеуге шақырылды.

1977-1982 жылдары аралығында Целиноград ауылшаруашылық институтында, ветеринарлық дәрігер мамандығы бойынша оқыды.

1982-1992 жылдары «Красная заря» аулында бас ветеринар дәрігері болып жұмыс атқарды. 1992 жылдан колхоз төрағасы болып сайланды.

«Красная заря» колхоздың қайта құрылуына байланысты, «Бастау» ЖШС директоры болып сайланды.

Т.Қ. Мұқышевтың басшылығымен «Бастау» ЖШС соңғы 3 жыл ішінде ауылшаруашылық және малшаруашылығы көрсеткіштері бойынша жоғарғы көрсеткішке ие болды.

1998 жылдан бастап «Бастау» ЖШС асыл-тұқымды малдарды өсіру бойынша негізгі шауашылық болып саналады. Шаруашылық қазақтың ақ бас тұқымы мен еділбай тұқымды қой тұқымын өсірумен айналысады. Жыл сайын ауылшаруашылық жануарлары төлдерін өзге аудандар мен облыстарға жеткізіп, қамту бойынша тапсырылған квота орындалып отырады. Қазіргі уақытта шаруашылықта шамамен алғанда 4000 бас ІҚМ бар, олардың 2202 басы сиырлар, 7575 бас асыл тұқымды қой бастары бар, олардың 3600 басын саулықтар құрайды. Шаруашылық жыл сайын асыл тұқымды малдарды бонитировкалау ісін жүргізіп отырады. Ал, 2010 жылдан бастап «Бастау» ЖШС асыл тұқымды зауыт мәртебесі берілді. «Бастау» ЖШС селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жақсарту мақсатында еліміздің беделді оқу орындары мен ғылыми орталықтарының ғалымдарымен бірлесіп жұмыс жасайды.

Малдардың сапалық көрсеткіштерін жоғарғы шамаларға жеткізу үшін қолдан ұрықтандыру тәсілі қолданылады, саулықтарды ұрықтандыру – 100%, ІҚМ ұрықтандыру – 30% деңгейін құрайды.

Т.Қ. Мұқышевтің мұрындық болуымен 2001 жылы Германиядан геррефорд тұқымындағы асыл тұқымды бұқалары әкелінді. Ал, 2012 жылдың наурыз айында АҚШ Солтүстік дакота штатынан 1036 бас Ангус тұқымының ет бағытындағы сиырлары әкелінді.

Өсімдік шаруашылығында тұқым таратушы шаруашылық саналуына орай шаруашылықтың иелігінде жалпы көлемі 55757 га ауылшаруашылық жер телімдері бар.

«Бастау» ЖШС жер өңдеудің жоғары деңгейіне ие олар жыл сайын дәнді-дақылдардың жоғары өнімін алып отырады.

Шаруашылықта жыл сайын техникалық паркті жаңарту жұмыстары жүргізіліп отырады, мәселен соңғы үш жылда импорттық өндірістегі 24 бірлік ауылшаруашылық техникалары алынды.

2012 жылы «Бастау» ЖШС қаржылық қолдау көрсетуі негізінде ауылда жаңа су құбыры жүйесі іске қосылды.

Жаңа мал шаруашылық нысандарының құрылысы жолға қойылған, бүгінгі таңда қой шаруашылығына арналған 10 база, ІҚМ арналған 4 база, санитариялық өткізгіш, жылқыларға арналған бордақылау алаңдарының құрылысы аяқталды. Ауқымды астық қоймасы, машина-тракторлық алаң, дәнді азықтарды сақтау қоймасы, сүрлем шұңқырлары салынып біткен.

Үстіміздегі жылы жалпы құны 130 млн. 368 теңгеге жаңа техникалық құрал-жабдықтар сатылынып алынды.

Т.Қ.Мұқышев жалғыс басты адамдарға, қарттарға, зейнеткерлерге, Ұлы Отан Соғысының ардалергеріне, мүгедектеріне үнемі көмек көрсетіп отырады.

«Бастау» ЖШС әлеуметтік тұрмыстық мекемелер жұмыс жасайды, ол ауылдық мәдениет үйі, медициналық бекет, 2 мектеп – ұлттық мектеп 2006 жылы ашылған.

Қол жеткізген жетістіктері үшін Т.Қ.Мұқышев құрмет грамоталарымен, ҚР Президентінің алғыс хатымен марапатталған, 2008 жылдың желтоқсан айында «Құрмет» орденімен марапатталды.

Т.Қ.Мұқышев отбасын құрған, төрт бала тәрбиелеп отыр.



Білялов Серік Сұлтанғазыұлы

Білялов Серік Сұлтанғазыұлы 1958 ж. 5-сәуірде Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданы Сарытомар ауылында туылған.

Целиноград ауылшаруашылығы институтын зооинженер мамандығы бойынша (1983ж.), Алматы экономика және статистика институтын, экономист мамандығы бойынша (1998 ж.) бітірген.

Еңбек жолын 1974 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Возвышен ауданының Молодогвардеец атындағы совхозда ветеринарлық санитар болудан бастаған.

Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін (1983ж.) Солтүстік Қазақстан облысының совхоздарында бас зоотехник, Совет ауданының Аралағаш совхозында диреторлық қызметтер атқарған.

1992 жылы «Бишкуль құс фабрикасының» АҚ бас зоотехнигі, кейінірек президенті болды.

1999 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев (бұрын Булаев), Есіл, Қызылжар аудандарының әкімі.

2007 жылдың наурыз айынан Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

2013 жылғы 15 наурызынан Солтүстік Қазақстан облысынан ҚР Парламентінің сенат депутаттығына сайланған.

Наградалары: «Құрмет» Ордені «Астанаға 10 жыл»; «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл»; «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» медальдарының иегері.